



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАР

2017 жылғы 18 қазан

### **«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» ҚР Заңының жобасында ырықтандырылған валюталық режим қағидаттарын сақтау көзделді – Д. Ақышев**

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруіне байланысты шетелдік қаржылық емес ұйымдар филиалдарының ішкі нарыққа коммерциялық қатысуы үшін қызметтің жаңа салалары ашылады, ал 2020 жылғы желтоқсаннан бастап шетелдік банктер мен сақтандыру ұйымдарының филиалдары Қазақстанның қаржылық қызметтер нарығына рұқсат алады. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Астана қ. Парламент Мәжілісінің «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заң жобасын таныстыру бойынша отырысының қорытындысы бойынша журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып айтты.

Д. Ақышев сондай-ақ соңғы жылдары Қазақстанда «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы және «Астана» халықаралық қаржы орталығы құрылғанын, олардың аумағында валюталық реттеудің ерекше режимі көзделетінін атап өтті. Тиісінше, валюталық заңнаманы жаңа экономикалық жағдайларға бейімдеу қажеттілігі туындады.

«Осыған байланысты негізгі өзгерістерге шетелдік ұйымдардың барлық филиалы үшін ортақ резиденттік тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде ҚР Салық кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесін құру арқылы қызметін жүзеге асыратын шетелдік ұйымдар филиалдарының валюталық резиденттігінің мәртебесін өзгерту кіреді», - деп атап өтті қаржы реттеушісінің басшысы.

Д. Ақышевтың айтуынша, бірмезгілде барлық филиал үшін валюталық операцияларды жүзеге асырудың ырықтандырылған қағидаты сақталды. Сондай-ақ АХҚО мен «Қорғос» ШЫХО-да валюталық операциялар бойынша қолданыстағы валюталық реттеуден ерекше жағдайлар көзделді.

«Валюталық реттеудің қолданыстағы ақпараттық құралдары валюталық операциялар мен капитал ағындары және оның негізінде валюталық операциялар үшін талдамалық мониторинг жүргізу бойынша ақпараттық базаны құру негізін қалады», – деп хабарлады Ұлттық Банктің басшысы. Д. Ақышев сондай-ақ капитал ағындары әлемдік экономикадағы жалғасып отырған дағдарысты құбылыстар жағдайында елдің экономикалық және қаржылық тұрақтылығы үшін тәуекелдер аясында валюталық реттеудің ақпараттық құралдарын оңтайландыру орынды екенін атап өтті. Заң жобасында бірмезгілде осындай операцияларды жүргізу және олар бойынша ақпарат жинау

рәсімдерін жеңілдете отырып валюталық операциялардың статистикалық мониторингпен барынша толық қамтылуы көзделген.

«Валюталық реттеу саласындағы өзгерістердің көпшілігі заңды тұлғалардың валюталық операцияларына қатысты және жеке тұлғалардың операцияларына қатысы болмайды», - деп қорытындылады Д. Ақышев.

### **Қазіргі уақытта Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп криптовалютанан шығаруға және айналысқа жіберуге қазақстандық тәсілді әзірлеуде – Д. Ақышев**

Осы процестің күрделілігі криптовалюталардың ерекшелігінде, олардың ұлттықтан жоғары сипаты бар, сондай-ақ біреудің, оның ішінде мемлекеттің міндеттемесі немесе кепілдігі болып табылмайды. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Астана қ. Парламент Мәжілісінің «2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын таныстыру бойынша отырысының қорытындылары бойынша журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып айтып берді.

### **Ұлттық Банк зейнетақы активтерін басқару жүйесін одан әрі реформалау бойынша ұсыныстар әзірледі – Д. Ақышев**

Реформаның мәні салымшыларға зейнетақы жинақтарын жеке басқарушы компанияларға инвестициялық басқаруға беру үшін оларды таңдау құқығын беруді білдіреді. Салымшы кірістілік көрсеткіштерін, инвестициялық қызметтің тиімділігін, сондай-ақ алынатын комиссияның мөлшерін негізге ала отырып, басқарушы компанияны таңдап алатын болады деп болжанып отыр. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Астана қ. Парламент Мәжілісінің «2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын таныстыру бойынша отырысының қорытындылары жөніндегі журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып айтып берді.

«Осы реформаның негізгі мақсаты өзінің жинақтарын басқару процесіне салымшыларды тарту, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша бәсекелес ортаны құру болып табылады», - деп атап өтті Д. Ақышев.

Қазіргі уақытта осы ұсыныстар бизнес-қоғамдастықпен «Қазақстанның қаржы ұйымдарының қауымдастығы» ЗТБ-нің алаңында талқылану үстінде.

### **2017 жылғы бірінші жартыжылдықта елдің сыртқы борышының көлемі 4,2 млрд. АҚШ долларына, оның ішінде 2017 жылғы 2-тоқсанда 2,4 млрд. АҚШ долларына ұлғайды – Д. Ақышев**

2017 жылғы 1 шілдеде Қазақстан Республикасының сыртқы борышы 167,9 млрд. АҚШ долларын құрады, оның ішінде 7,9% немесе 13,2 млрд. АҚШ доллары - бұл мемлекеттік сектордың сыртқы борышы, 3,7% немесе 6,2 млрд. АҚШ доллары - «Банктер» секторының сыртқы борышы, 25,2% немесе 42,4 млрд. АҚШ доллары – тікелей инвестициялармен байланысты емес «Басқа секторлардың» борышы, қалған 63,2% немесе 106,1 млрд. АҚШ доллары осы сектордың фирмааралық берешегін құрайды. Бұл жайлы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Астана қаласындағы «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заң жобасын таныстыру бойынша Парламент Мәжілісі отырысының қорытындылары бойынша журналистердің сұрақтарына жауап беру кезінде айтып берді.

Д. Ақышев сондай-ақ мемлекеттік сектордың сыртқы борышы 0,4 млрд. АҚШ долларына, негізінен, капиталдың халықаралық нарықтарында шығарылған тәуелсіз еурооблигациялар құнының өсуі және бейрезиденттер тарапынан Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарына сұраныстың артуы есебінен ұлғайғандығын хабарлады.

«Банктердің» (екінші деңгейдегі банктер және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ) сыртқы міндеттемелері» 1,0 млрд. АҚШ долларына, оның ішінде еурооблигацияларды және қазіргі сыртқы қарыздарды жоспарлы өтеу салдарынан қысқарды», - деп хабарлады қаржы реттеушісінің басшысы.

«Фирмааралық берешек 1,8 млрд. АҚШ долларына, негізінен, мұнай-газ жобаларын бұдан әрі қаржыландыру және тікелей инвесторлар алдындағы төленбеген дивидендтер және қарыздар бойынша сыйақы бойынша берешектің өсуі есебінен ұлғайды - деді Д. Ақышев.

Ұлттық Банк басшысының айтуынша ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) және тауарлар мен қызметтер экспорты (ТҚЭ) көлемдерінің өсуі сыртқы борыштың салыстырмалы өлшемдерін жақсартуға ықпал етеді: сыртқы борыштың ІЖӨ-ге қатынасы 2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жылдың басындағы 119,3%-бен салыстырғанда 112,4%-ды құрады, ал сыртқы борыштың ТҚЭ қатынасы 375,8%-бен салыстырғанда 336,6%-ды құрады.

«2017 жылғы бірінші жартыжылдықта Қазақстанның таза сыртқы борышы ІЖӨ-ге қатынасы бойынша 27,6%-ды құрай отырып, 3,1 млрд. АҚШ долларына 41,2 млрд. АҚШ долларына дейін өсті», - деп атап өтті Д. Ақышев. Қаржы реттеушісінің басшысы сондай-ақ мемлекеттік сектордың бұрынғысынша қалған әлемге қатысты таза кредитор позициясын, «Басқа секторлар» және «Банктер» секторы – таза борышкер позициясын сақтап қалғандығын атап өтті.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)